

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

ШЫНДЫҚТАН АТТАМАЙТЫН ШЫН СУРЕТКЕР

(Мерейтолық кездесуге оқып
баяннаманың нұсқасы)

Міне, осындай еқудай жағдайда қазақ жазушысы болу тіпті де оңай емес еді. Қажығаң сол қазақ жазушысы болды. Және сөздері екі кітап болып орыс тіліне аударылды, бірнеше шетелдерге жетті.

Әзі де әуелі Ақтөбенің, сосын Алматының қалалық тұрғыны болудың ащы дәмін біраз татқан Қажығаңның қалалық тіршілікті бейнелейтін туындылары әлдебір таныс өрістерді ұсына қою арқылы жүректі лүп еткізеді.

Айталық, «Мінез» туындысындағы оқиға Алматының біршама зиялылары бас қосқан дастарқан үстінде «жаңадан ашылғалы жатқан құрылыс-монтаж басқармасына кім бастық болуы мүмкін» деген сұрақтан өрбіп қоя береді. Осы бір сәттік талқылаудан соң дастарқан басындағылардың біраз характерлері ашылады. Ең бастысы, «естіген құлақта жазық жоқ» деп ақталып алып, сосын өсек-аяң айтуға кірісетін сөзүар еркектер, адалдыққа арашаға түсерліктей айбар-айбатан елдеқашан айрылып қалған бұқпантай еркектер, жұмысына мығым, бірақ азаматтық мінезді сол жұмысқа тәрк еткен немқұрайды еркектер, қысқасы, ана жерде, мына жерде күнде көріп жүрген майда жүріске, маймаң тірлікке әбден бой үйреткен ұсақталып кеткен жылпос еркектер көз алдыңызға ыздып келіп тұра қалады.

Ал бұл проблема ма? Проблема. Сол себепті қазір біз «Мен — Көкбөрінің тұқымымын, Мен — Көкжалдың тұқымымын» деп айқайлап өлең жазатын ақындардың сөздерінде де, өздеріне де күле қарайтын дәрежеге жеттік.

Тағы бір деталь келтірейік. Жазушы келесі бір кейіпкерін туындының алғашқы жолдарында былай таныстырады: «Жұмыс орнын былай қойғанда, атағының өзі біраз жұртқа белгілі Тәкен Жарасбаевич». Осы «Ақырғы күн» деп аталатын туындыны оқып болған соң не көкірегінде сәулелі сезімі жоқ, не елден ерекше ерлігі жоқ, әйтеуір, ірі қаланың бір ірі пәндесі болып өмірден өте шыққан бұл кейіпкердің, расында да, соңында «Тәкен Жарасбаевич» деген атағынан басқа ешқандай ештеңе қалмағанын анық аңғарсыз және өзіңізбен қатар жер басып жүрген әлдебір Тәкен Жарасбаевичтерге енді бұрынғыдай көзсіз құрметпен емес, әлдебір аяушылық сезіммен қарай бастайсыз.

Жалпы жазушы күнделікті тіршілік суреттерін еш боямсыз, қаз қалпында суреттей отырып, сол суреттер арқылы үлкен-үлкен проблемалардың жарасын тырнап кетеді. Соның бір-екеуіне ғана тоқталып өтейік.

Қазақта «Тауда туып, таста өскен ағайыннан басқа өскен Ордабай күлмей, кім күлсін» деп келетін қайырым бар. Қажығаңның «Ит жылғы оқиға» деп аталатын

әңгімесінің басты кейіпкері Қабыл міне, осы тауда туып, таста өскендердің бірі. Әкешеден ерте айрылып, тас жетім болып қалған, сөйтіп пансион-интернатта өскен, одан әрі де тек өзінің өті тірлігімен ғана ғылыми атақ қорғап, жоғары оқу орнына қызметке тұрған Қабыл жазушының суреттеуінше, «сонау бір буыны бекіп, бұғанасы қатпаған шағында, көзі жау-теңдеп, «қарағым» дер, басынан сипар біреуді іздеген кезінде, кейін таршылық көрген студент күнінде, қол ұшын берерлік бір анық туысты, жанашыр жақынды, әйтеуір, көре алмаған. Көре алмаған да, құйттайынан азды қанағат қылуға амалсыз дағдыланған жетім көңіл: «Бұл да маған бұйырмаған көп бақыттың бірі шығар», — деп, лажсыздан көндіккен, көндіккен де «құрысыншы, жетім қозы — тасбауыр, түңілер де отығар» деп, ол жайлы ойламауға серт қылған біржола ұмытқан». Жазушының Қабылды тиянақтап таныстыру мақсатында жолданған бір деталі — осы жолдар. Бірақ, оқырман мынаны байқайды, бәрібір оқытушы Қабыл өткен өмірін тіпті де ұмыта алмайды, баяғы көрген қиындықтар көкірегін түртеді де тұрады, сөйтіп жүрген күндерің бір күнінде өзін іздеп келген, бірақ баяғы бала шағында кісәпірлік жасаған ағайыны Жорағұлды есіктің көзінен кері қайырады. Ал дұрыс делік. Таспен ұрғанды аспен уру әркімнің де қолынан келе бермейді. Бірақ... кезінде сипалмай қалған бас, кезінде берілмеген қол ұшы, кезінде жасалмаған жанашырлық осы оқытушы Қабыл арқылы немесе Қабылдың оқытушы емес басқа бір тағдырластары арқылы тағы бір бастық сипалмай қалуына, тағы бір қол ұшының берілмей қалуына, тағы бір жанашырлықтың жасалмай қалуына апарып соқтырмас па екен деген дүдәмал ой бой көтереді. Яғни мына өмірдегі әлдебір қиянаттардың, әлдебір қатыгездіктердің, әйтеуір, әуелгіде бір бастау-көзі болғанын, сол бастау-көз кейін үлкен арнаға айналып кеткенін, ал бұл арна-ның екпінін тоқтату ешбір қолдан келмейтін шаруа екенін сезінбеске амал қалмайды.

Ал бұл проблема ма? Әрине, проблема. Әрі-беріден соң ұлттық қана емес, көдімгі адамзат атаулыға қатысты проблема. Тағы бір мысал келтірейік. Қазақстанда еркектер мен әйелдердің тең правосылығы туралы мәселенің қалай шешіліп келе жатқанын аға буын өкілдері жақсы біледі. Бәлкім, бұл саясат сонау 20-шы жылдары Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунист» бастау алған шығар, бірақ отбасындағы әйел үстемдігінің әбден шырқау шыңға жете бастаған шағы сол 70-ші жылдар болса керек. Бұл дертті сол 70-ші жылдары

Қажығали Мұханбетқалиұлы анық аңғарыпты. Жазушының «Мінез» туындысындағы Еңлік — сондай әйелдердің типтендірілген нұсқасы. Ол (Еңлік) күйеуінің бойынан үнемі кемшілік іздеп отырады және сол кемшілікті міндетті түрде табады, сосын сол талқанын үнемі рахаттана жариялайды. Оның (Еңліктің) лексиконындағы сөздер мынадай болып келеді: «Әй, тұрасың ба, жоқ па?...», «Әй, бассаңшы аяғыңды...», «Әй, идиот...». Немесе: «...Бақсаң өз балаң, ойнастан талқан балам жоқ, білдің бе?». Әйтпесе: «...Үйге кіргізбеймін, білдің бе? Бар. Қайда барсаң, онда бар!». Бұл повесті оқымағандар мынадай гайбат сөздер еститін еркек, расында да, соған лайық шығар деп ойлайтыны даусыз. Жоқ, оған лайықты емес. Еңліктің күйеуі Жәкен, таратып айтсақ, Алматыдағы бір үлкен құрылыс басқармасының бас инженері, астында қызметтік машинасы бар жауапты мамаң қазақша тойлардағы тост-тілектердің әуенімен айтсақ, еліне елеулі, халқына қалаулы азамат, бір ғана кемшілігі — өмірінде бір-ақ рет, иә, бір-ақ рет мас болған жігіт, онда да әйеліне ерегесіп мас болып қалған.

Қысқасы, Қажығаңның Еңлігі туралы оқыған кезде Бейімбеттің коммунист Раушанына жылап көрісесіз. Одан әрі талдасақ, біздің қазіргі заманғы кесір келіндер мен кестесі келіспеген қыздардың түп негізі қайда жатқанын, әрине, әлгідей Еңлік тәрізді келіншектердің тамырында жатқанын анық аңғарасыз.

Әрине, «әйел десек, ішінде әжемді де жүретіні» әркімге де белгілі. Мұқағалиша айтсақ, «Әйел деген әдемі ғой, әдемі, Әдемілік бізге көптік етпейді». Бірақ қазіргі заманда, әйелдердің қоғамдық, мемлекеттік қызметтердегі пайыздық үлестері қайтадан есепке алына бастаған шақта, қоғамның күрделі мәселелерін шешуге әйелдер қауымын белсенді қатыстыру күн тәртібінен түспей тұрған шақта, мектептердегі оқушыларды негізінен нәзік жыныс өкілдері тәрбиелеуге көшкен шақта, өткеннің ешқандай сабақтарын ешқашан ұмытпауымыз керектігін Қажығаңның осы «Мінез» деп аталатын туындысы қайтадан еске сала берді.

Ал бұл проблема ма? Әрине, проблема. Айталық, гендерлік проблема.

Әрине, қазақтың тіршілігіндегі қаптаған түйткілдер біз мысалға алған осы екі туынды арқылы ғана тұйықталып қалмайды. Себебі, егер, «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?». Дүниеде ішіңді әлем-жәлем ететін оқиғалар, өкініштер мен сағыныштар, қасіреттер мен қуаныштар, кекшілдіктер мен көшірмпаздықтар болмаса, әңгіме жазып не керек, өлең шығарып қажеті қанша? Бір ғана айырмашылық,

міне, осы құбылыстарды әр жазушы әртүрлі өзгешелікпен жеткізеді. Сонда жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының прозасындағы өзіне тән өзгешеліктер неде?

Жазушы кейіпкерлерінің әрекеттерінде көдімгі адам баласына тән емес іс-қимылдар жоқ. Бірақ сол таныс кейіпкерлердің барша жұртқа ортақ сөздерінен, өзгелерден де айнымайтын ұқсас өзара қарым-қатынастарынан аса зор әлеуметтік мәселелердің сол күнделікті тіршіліктің ішінде жатқанын ішіңіз анық сезіп отырады.

Айталық, «Бір машина шөп» деп аталатын әңгіме — бағзы бір замандарда алты қанат ақ орданың төрінде шалқайып бас ұстап, сапырып қымыз ішіп отырып билік айтатын ақсақалдың құны бұл күнде ауылдағы әкімқаралар алдаусыратып бере салатын бір машина шөптің деңгейіне дейін қалайша төмендеп қалғаны туралы жауапты мұң.

Аудандық телеграф мекемесінде болған оқиғаны суреттейтін «Жігіттің көз жасы» деп аталатын әңгіме — надандық пен аярлықтың қайтп азаматтық пен намысқойлықтың бөлін сындырғаны жөніндегі ақиқат.

Ал «Ескі достар» деп аталатын повесть — бір кезде, институтта бүтін дөңді бөліп жеген жарты дөңді жарып жеген курстастардың арада бөленбай жылдар өткеннен кейінгі кездесулері арқылы әйгі болған күмілжі тірліктер мен кір басқан көңілдер, өтірік күлкілер мен жалған мезіреттер, ықылдасушы құшақтасулар мен сағынышсыз қоштасулар бейнеленетін өкінішті үкім.

Жалпы Қажығаңның жетпісінші жылдарды қаузайттың творчествосына мына заманда қайта оралып, қайтадан үңіліп қарағанда, әлеуметтік дерттің қай заманда да болмай қалмайтыны көрініп-ақ тұрады және соның кейбіреулері тіпті өршіп кеткенін мойындамасақ және амал қалмайды екен.

Мысалы, сонау ықылым заманнан бері үзілмей келе жатқан қоспасыз қазақты ықылдас пен тұнық қазақты бейіл зерделі ақсақалдардың айтқанын екі етпейтін қазақты заң мен жүрегіңді жылытатын қазақты иба, маңдайыңнан сипауға әзір тұратын қазақты мейірім мен қуанышыңа шындап ортақтаса кететін қазақты тілектестік, әйтеуір, қазақты қазақ етіп келе жатқан көптеген қасиеттерге қалайша әрқилы «түзетулер» енгізіле бастағаны осы туындылардан анық аңғарылады.

Оған қоса, тең теңімең, тезек қабымен өмір сүру принципі, тамыр-таныстықтың түпсіз батпағы мен мансапқорлықтың тиексіз тыраштығы, ортақ меншіктің өлсіз үлесі мен жекеменшіктің озбырлығы, тойымсыз тоғышарлық пен жөдігөй жағымпаздық, әйтеуір, санасаң балалай беретін талай кемшіліктеріміз, сол заманда шындап белең

ала бастапты.

Соның барлығын көзімен көріп жүрген соң, көкірегімен түймеске амалы қалмаған Қажығаң ақ қағазға тізіліп осындай суреттерді түсіре беріпті.

Ешбір мемлекет өзінің идеологиясын, өзінің саясатын тықпаламай өмір сүрмейді. Өзінің тас мығым жеке идеологиясы, өзінің берік жеке саясаты жоқ мемлекеттің болашағы да жоқ.

Ал 70-ші жылдардың идеологиясы қандай болғаны аға қауымға әбден мәлім. Мысалы, партиялық принцип. Әйтпесе социализм мұраттарын дәріптеу. Күн жарықта адасу үшін, басқа міндеттерді былай қойғанда, тап осы екі талаптың өзі де әбден жеткілікті еді. Әуелі өзінің, сосын оқырманның бағына қарай, біздің Қажығағамыз адасқан жоқ. Себебі, ол айтталық, әрбір жеке образдың трагедиясын суреттеу арқылы тұтас қоғамның дертіне диагноз қойды; немесе әрбір отбасының дара драмасын бейнелеу арқылы қалың әлеуметтің санасына сараптама жасады; ақыр соңында, шындықтың нәліктен шығаралана түсе беретінін көдімгіше түсіндіріп берді.

Міне, осыларды ескере келгенде, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының әңгімелері мен повестері — дәуіріміздің белгілі бір кезеңінің толыққанды бітім-болмысы, ал автор — сол бітім-болмыстың айтулы шебер мүсіншісі деген пікірге қол қоямыз.

Қажығаң роман жазуға, ең күрделі жанрға қалам тартуға, міне, осындай даярлықпен келді. Сөйтіп, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы «Тар кезең» деп аталатын тарихи роман ұсынды.

Қажығаң өзінің әңгімелері мен повестерінде сол кезде қазақ прозасы жеткілікті игере алмай жатқан қалалықтар тақырыбын қаншалықты шеберлікпен түптеп қаузаса, мына тарихи романында батырлар мен билердің әрекеттерін, империяның өктемдігі мен бодан халықтың шарасыздығын бұған дейінгі тарихи шығармалардағы баяндаулардан өзгеше, тіпті де басқа әдіспен өрбітіпті.

Айталық, бұл романда қазақтың көне тұрмыстық салтанаттарына, яғни, жасыл жайлаулар мен ақшаңқан ордаларға, көк-жасылды шапандар мен оқ өткізбес сауыттарға, алтынданған зерендер мен күмістелген ер-тұрмандарға, бұлқынған бозбалалар мен бұлықсыған бойжеткендерге тамсану жоқ. Бұндай суреттер, мысалы, әрідегі «Абай жолында», берідегі «Елең-алаң» мен «Аласапыранда» өте көркем бояулармен өрнектелгендіктен, Қажығаң сол баршаға белгілі фольклорлық, этнографиялық элементтерді тағы да бір шиырлап шығу үрдісінен саналы түрде бас тартса керек.

Сондай-ақ бұл романда тұздық ретінде ұсынылатын қосалқы кейіпкерлер де, мысалы, кенеттен қоғамдық пікір айта салатын қойшы бала, аяқ астынан қару ұстап шыға келетін қайсар қыз, маңайын күлкіге қарық қылып жүретін куақы жігіт, айтқаны айнымай келетін көріпкел ақсақал тәрізді бұған дейінгі тарихи шығармаларда жиі кезіге беретін қосам-

жар бейнелер де жоқ.

Бұл романда, әрі-беріден соң, Сырым батырдың жеке отбасы да тәптіштелмейді. Тек бір тұста ғана, онда да жол-жөнөкей ғана, батырдың бәйбішесін әспеттейтін құйттай деталь ғана көлтіріледі. Бар болғаны сол.

Сонда бұл романда не бар? Бұл романда бір өзінің ғана бойына империялық Ресейдің бүкіл саясатын, өте сауатты саясатын жинақтап алған, сол себепті де оқырманға Екатерина патшадан да зор болып көрінетін барон Игельстром бар.


Бұл романда жауға шапқанда қаһармандығын суреттеуге сөз жетпей қалатын бұрынғы батырлардан өзгеше, сөйлегенде жан-жағын тегіс ұйытып отыратын бұрынғы билерден басқаша; тіпті де терең, өзгеше батыр Сырым бар, тіпті де жұмбақ, өзгеше би Сырым бар.

Егер Игельстромның сөздері мен пайымдауларынан империялық құрсаудың қаншалықты зымияндықпен тарыла түскені, бұл құрсаудан құтылудың ешқандай мүмкін еместігі соншама анық байқалатын болса, Сырым батырдың әрекеттерінен мойынға түскен құрықтың қаншалықты қылғындырып бара жатқаны, қазақ даласының қаншалықты жантауына халге жеткені соншама айқын көрінеді.

Игельстром мен Сырым образдары — Ресей мен Қазақ даласының, бірі көндіргісі желетін, бірі көңпісі келмейтін, қасырмай айтсақ, осы күнге дейін жалғасып келе жатқан, бәлкім, өкінішке қарай, болашақта да жалғаса беретін мемлекеттік саясаттарының екі басқа екі түп қазығы.

Романды толық талдау мерейтойлық сөздің көлеміне сыймайтыны да белгілі. Түйіндей айтарымыз, айтқаны болып, айдағаны жүріп тұрған Петербургтің ас та тек астамшылық күн тәртібін баяндаумен басталып, үркіншілік пен үрейден өзге тірлікті ұмытуға қараған ыбыр-жыбыр қазақ даласының өлденеден өлде де үміт күткен сәтіммен аяқталатын бұл роман — қасіретің мен қайғыңды ұмыттырмайтын ызылы ызы, талансыз дәуірің мен таланған шағыңның ескі жарасын қайта түрткілейтін ұйқысыз сарын, ең бастысы, шындықтан аттай алмайтын шын суреткердің қолынан шыққан өмірі ұзақ өзгеше туынды.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Байғанин ауданының құрметті азаматы Қажығали Мұханбетқалиұлының әдебиетке сіңірген қадау-қадау еңбектері қысқаша айтқанда осындай.



Ертай АШЫҚБАЕВ.